

2 CIVIL LAW, CIVIL PROCESS

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ, АЗАМАТТЫҚ ҮРДІС

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО, ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

FTAXP 10.15.59
ӨОЖ 347.9:364.6
JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-3-91-109>

АРГИНБЕКОВА Г.И.,¹

З.ғ.к., аға оқытушы.

e-mail: gulnar.arginbekova@mail.ru

ORCID: 0000-0002-6132-9761

АСЕТОВА Г.Б.,²

PhD, аға оқытушы.

e-mail: gulnur_asetova@mail.ru

ORCID ID: 0009-0000-0337-3660

АБЗАЛБЕКОВА М.Т.,²

PhD, аға оқытушы.

e-mail: Abzalbekoba@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-9929-4816

АСЫЛБЕКОВА А.А.,^{*3}

PhD, қауымдастырылған профессор.

*e-mail: aig0071@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-8634-1109

¹Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда университеті,

Қызылорда қ., Қазақстан

²Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық

зерттеу университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан

³Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы

Сот төрелігі Академиясы,

Астана қ., Қазақстан

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ЕСТУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНЕН АЙРЫЛҒАН АДАМДАРДЫҢ ҰМДАУ ТІЛІ АРҚЫЛЫ ҚАТЫСУЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ-ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақала есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ұмдау тілі арқылы азаматтық сот ісін жүргізуге қатысу мәселелеріне арналған. Азаматтық істерді қарау барысында олардың түсініктемелер беру, өтініш хаттар мәлімдеу, дәлелдемелер ұсыну және сот жарыссөздеріне қатысу құқықтарын қоса алғанда, процестік құқықтарын жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылады. Процеске қатысушылардың теңдігін және ауызша коммуникацияда қиындық көретін тұлғалар үшін сот төрелігінің іс жүзіндегі қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Сондай-ақ мұндай тұлғалардың сот талқылауына толыққанды

қатысуын қамтамасыз етудегі сурдоаудармашының рөлі және сотта сурдоаударманы қолдануға байланысты практикалық мәселелер талданады. Салыстырмалы-құқықтық талдау шеңберінде Қазақстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Беларусьте және Өзербайжанда есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуын қамтамасыз ету тәсілдері қарастырылады. Аталған мемлекеттердің заңнамасын салыстыру ымдау тілі мен сурдоаударманы пайдалануды реттеудегі, сондай-ақ есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың процестік кепілдіктерін қамтамасыз етудегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтады. Олардың процестік құқықтарын іске асыруына және сот процесіне толыққанды қатысуына қосымша кедергілер туғызатын білікті сурдоаудармашылардың жетіспеушілігі мәселесі жеке қарастырылады. Азаматтық сот ісін жүргізуде ымдау тілін пайдаланудың құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру, білікті сурдоаударма қызметтерінің қолжетімділігін арттыру және аталған тұлғалардың процестік кепілдіктерін кеңейту қажеттігі негізделеді. Жасалған қорытындылар мен ұсыныстар есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың заң мен сот алдындағы тек формалды емес, нақты теңдігін қамтамасыз етуге және сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Тірек сөздер: азаматтық сот ісін жүргізу, ымдау тілі, мүгедектігі бар адамдар, сурдоаудармашы, мүгедектік, теңдік, жарыспалылық.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сәйкес әркімге өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығына кепілдік беріледі [1]. Адамның сот төрелігіне жүгіну арқылы өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруы конституциялық тұрғыдан қамтамасыз етілген мүмкіндіктердің қатарына жатады. Сонымен бірге мұндай кепілдіктің болуының өзі сот арқылы қорғалуға қол жеткізу құқықтық қатынастарға қатысушы әрбір адам үшін оның коммуникациялық ерекшеліктеріне қарамастан нақты болуға тиіс екенін білдіреді.

Бұл мәселе мүгедектігі бар адамдарға қатысты ерекше мәнге ие болады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» қаулысында сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету осы санаттағы адамдардың құқықтарын қорғау бағыттарының бірі ретінде қарастырылады [2]. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалар үшін сот арқылы қорғалу сотқа жүгіну мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар олардың процеске басқа қатысушылармен тең дәрежеде сот талқылауына қатысуына мүмкіндік беретін жағдайлар жасауды да білдіреді.

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне де сәйкес келеді. Қазақстан ратификациялаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның 13-бабына сәйкес мемлекет мүгедектігі бар адамдардың басқа тұлғалармен тең дәрежеде сот төрелігіне тиімді қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті [3]. Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысты бұл есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың өздеріне тиесілі процестік құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру мүмкіндігін көздейді.

Алайда сот арқылы қорғалу құқығының нормативтік тұрғыдан бекітілуі есту мүмкіндігінен айырылған не ауызша сөйлеуді еркін пайдалана алмайтын тұлғаның бұл құқықты толыққанды жүзеге асыруын әлі білдірмейді. Процестің мұндай қатысушысы үшін жасалып жатқан процестік әрекеттердің мазмұнын тікелей қабылдау, іске қатысушы басқа тұлғалардың ұстанымдарын түсіну, сұрақтар қою, түсініктемелер беру, өтініш хаттар мәлімдеу және сот қарастырып жатқан мән-жайларға қатысты өз көзқарасын білдіру мүмкіндігі маңызды. Сондықтан бұл жағдайда сот төрелігінің қолжетімділігі тек сотқа жүгіну мүмкіндігі арқылы бағаланбауға тиіс. Ол адамның сот талқылауының барлық сатыларына іс жүзінде және толыққанды қатысуын болжайды.

Азаматтық сот ісін жүргізу тілі істі қарау және шешу кезінде ерекше орын алады. Сот ісін жүргізу жүзеге асырылатын тілді түсіну тұлғаның өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мүмкіндігімен тікелей байланысты. Сонымен бірге есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғаларға қатысты сот ісін жүргізу тілінің өзі ғана маңызды емес. Тиісті маманның қатысуымен ымдау тілін пайдалану мүмкіндігі олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қажетті шартына және сонымен бірге сот процесіндегі тараптардың теңдігін қамтамасыз ету элементтерінің біріне айналады.

Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуының ерекшелігі ауызша процестік коммуникацияның дәстүрлі моделі оларға заңда көзделген

процестік құқықтарды әрдайым дербес және тең дәрежеде пайдалануға мүмкіндік бере бермейтіндігінде. Дәл осы себептен адамның сотпен және процеске басқа қатысушылармен тікелей байланысын қамтамасыз ететін арнайы қарым-қатынас құралдарына қажеттілік туындайды. Осындай құралдардың бірі – ымдау тілі.

Сот талқылауы жағдайында ымдау тілі дербес процестік мәнге ие болады. Оның көмегімен есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлға заңдық маңызы бар ақпаратты алады және сонымен бір мезгілде өзінің процестік ұстанымын білдіреді. Осы себепті ымдау тілі аудармашысының қатысуын сот отырысын ұйымдастырудың тек техникалық элементі ретінде қарастыруға болмайды. Адамның мәлімделген талаптардың мазмұнын, екінші тараптың дәлелдерін, соттың сұрақтарын, мамандардың қорытындыларын және азаматтық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды қаншалықты толық түсінуі аударманың сапасына тікелей байланысты.

Құқықтық терминологияның дәл берілуі ерекше назар аударуды талап етеді. Азаматтық сот ісін жүргізу мазмұны субъективтік құқықтар мен міндеттердің туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына тікелей ықпал етуі мүмкін құқықтық ұғымдар мен санаттарды пайдаланумен байланысты. Демек, сот отырысында болып жатқан жайттарды жалпы түсіну жеткіліксіз. Процеске қатысушыға процестік ақпаратты өзінің құқықтарын саналы түрде пайдалануға және процестік міндеттерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін көлемде қабылдау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, мамандандырылған ымдау тілі аудармашысының қызметтерін пайдалану коммуникацияның өзімен ғана байланысты емес. Оның тараптардың теңдігін, процестің жарыспалылығын және азаматтық істің объективті қаралуын қамтамасыз ету үшін маңызы бар.

Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың сот ісін жүргізуге қатысуы мәселесін теңдік пен жарыспалылық қағидаттары тұрғысынан да қарастыру қажет. Егер процестің бір қатысушысы соттың және басқа тұлғалардың ауызша сөзін еркін қабылдай алса, ал екінші қатысушы арнайы коммуникация құралынсыз осындай мүмкіндіктен айырылса, олардың іс жүзіндегі процестік жағдайын тең деп санауға болмайды. Сондықтан ымдау тілі аудармашысының қызметтерін ұсыну орын алып отырған коммуникациялық теңсіздікті жоюға және әрбір тараптың өз құқықтық ұстанымын дербес қорғауына мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға бағытталған процестік кепілдік ретінде қабылдануға тиіс.

Сонымен бірге сот отырысында ымдау тілі аудармашысының болуының өзі сот төрелігіне қол жеткізу құқығының толыққанды жүзеге асырылуына әлі кепілдік бермейді. Оның кәсіби даярлығы, заңдық маңызы бар ақпаратты дәл жеткізе алу қабілеті, бейтараптық пен құпиялылық талаптарын сақтауы, сондай-ақ оның процестік мәртебесі мен міндеттер аясының нақты айқындалуы елеулі мәнге ие. Олай болмаған жағдайда орын алып отырған коммуникациялық кедергі толық жойылмайды, тек өзге нысанға ие болады.

Осылайша, есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ымдау тілі арқылы азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуын қамтамасыз ету кешенді процестік мәселе болып табылады. Ол ымдау тілі аудармашысын ұсыну мәселесімен ғана шектелмейді. Оның қатысу тәртібі, атқаратын функцияларының көлемі, аударма сапасына қойылатын талаптар және тиісті коммуникация нысанына мұқтаж тұлғаның процестік құқықтарын сақтау кепілдіктері де кем емес маңызды. Бұл мәселенің өзектілігі сот арқылы қорғалу құқығын формалды түрде танудан осы құқықты іс жүзінде және толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін процестік тетіктерді қалыптастыруға көшу қажеттілігімен айқындалады.

Осы зерттеудің мақсаты есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ымдау тілі арқылы азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуының құқықтық және процестік ерекшеліктерін кешенді талдау, сондай-ақ олардың сот төрелігіне тиімді қол жеткізуін қамтамасыз етудегі ымдау тілі аудармашысының рөлін айқындау болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың сот арқылы қорғалу құқығын қамтамасыз етудің нормативтік-құқықтық негіздерін зерттеу.
2. Азаматтық процесте ымдау тілін пайдалану ерекшеліктерін айқындау.
3. Ымдау тілі аудармашысының құқықтық жағдайы мен функцияларын талдау.

4. Аталған тұлғалардың сот талқылауына қатысуы кезінде теңдік пен жарыспалылықты қамтамасыз етудің қолданыстағы мәселелерін анықтау.

5. Тиісті процестік тетіктерді жетілдіру бағыттарын айқындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы сот арқылы қорғалу құқығы тұрғысынан ғана емес, процестік коммуникацияның іс жүзіндегі қолжетімділігі тұрғысынан да қарастырылатындығында. Ымдау тілін меңгерген аудармашыны тарту көбіне сот процесінің ұйымдастырушылық не техникалық шарты ретінде қабылданатын тәсілден өзгеше, осы зерттеуде оның қатысуы азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушының құқықтарын жүзеге асырудың процестік кепілдігі ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл ымдау тілін пайдалану, процеске қатысушылардың теңдігін қамтамасыз ету және олардың өздеріне берілген процестік құқықтарды дербес әрі толыққанды жүзеге асыру мүмкіндігі арасындағы тікелей байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Осы зерттеуге арналған материалдарды Қазақстан, Өзбекстан, Беларусь, Қырғызстан және Өзірбайжан республикаларының азаматтық сот ісін жүргізуге есту және сөйлеу қабілетінен айырылған адамдардың қатысуын реттейтін қолданыстағы заңнамасы, оның ішінде Азаматтық-процестік кодекстің нормалары мен ым-ишара тілін қолдану кепілдігін белгілейтін арнайы актілер құрады.

Зерттеудің эмпирикалық базасын ым-ишара тілін қолданатын адамдардың қатысуымен жасалған істер бойынша Қазақстан Республикасының сот тәжірибесінің материалдары құрады.

Сонымен қатар, салыстырмалы материал ретінде Америка Құрама Штаттары мен Солтүстік Ирландиядағы ым-ишара тілінің аудармашыларын кәсіби сертификаттауды реттеудің шетелдік тәжірибесі, соның ішінде кәсіби ұйымдардың – саңырауларға арналған аудармашылар тізілімінің және Канаданың көрнекі тілдердің аудармашылар қауымдастығының талаптары, сондай-ақ осы мәселе бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулер қолданылды.

Жұмыста «Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның» негізгі нормалары мен қағидалары қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі жалпы ғылыми және жеке ғылыми таным әдістерінен құралған. Атап айтқанда, зерттеуде диалектикалық, формальдық-құқықтық, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік әдістер қолданылған.

Диалектикалық әдіс есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысу институтының дамуын екі мән-жайдың өзара әрекеттестігі арқылы қарастыруға мүмкіндік берді: сот төрелігінің нақты қолжетімділігін қамтамасыз етудің объективті қажеттілігі және қолданыстағы құқықтық реттеу тәртібінде сақталып отырған шектеулер. Дәл осы қайшылық қолданыстағы процестік тетіктердің ауызша коммуникацияда қиындық көретін тұлғалардың қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетінін айқындауға мүмкіндік береді.

Формальды-құқықтық әдіс қарастырылып отырған мемлекеттердің азаматтық процестік заңнамасының нақты нормаларын зерттеу кезінде пайдаланылды. Талдау, ең алдымен, ымдау тілі аудармашысын тартуды көздейтін ережелерді, сондай-ақ осыған байланысты оның кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптарды қамтыды.

Логикалық әдіс тиісті нормаларды іске асыру процесінде туындайтын құқықтық мәселелерді анықтау және қолданыстағы реттеуді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды тұжырымдау кезінде қолданылды.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс ТМД-ға қатысушы бес мемлекетте – Өзербайжанда, Беларусьте, Қазақстанда, Қырғызстанда және Өзбекстанда – есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуын қамтамасыз ету тәсілдерін салыстыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жалпы құқық елдерінде ымдау тілі аудармашыларын кәсіби даярлау мен сертификаттауды реттеудің ерекшеліктері қарастырылды. Жүргізілген зерттеу АҚШ-та, Канадада және Солтүстік Ирландияда мұндай аудармашылардың кәсіби біліктілігіне қатысты мәселелер тікелей мемлекеттік органдармен емес, едәуір дәрежеде кәсіби ұйымдардың стандарттарымен реттелетінін көрсетті.

Жүйелік әдіс есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық процеске қатысуын оқшау түрде емес, тараптардың теңдігі, жарыспалылық және сот төрелігінің қолжетімділігі қағидаттарымен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасында ымдау тіліне ресми мәртебе беру мәселесі бұған дейін де талқылау нысанасына айналған. Сонымен бірге 2026 ж. 1 шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын талдау тиісті ұсыныстың конституциялық бекітілуге ие болмағанын көрсетеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қала береді, орыс тілі мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең ресми түрде қолданылады, ал ымдау тілі ресми түрде бекітілген тілдердің қатарына енгізілмеген.

Ымдау тілі мәселесіне назар аударған депутаттарды осы күнге дейін Қазақстанда ым-жым тілі мен дактиль әліпбиі ресми түрде қабылданбағаны қатты алаңдатты. Ресми ақпаратқа сүйенген депутаттардың айтуынша, Қазақстанда 20 мыңнан аса есту және сөйлеу қабілеті шектеулі азаматтар бар. Алайда, қазіргі таңда олар өзге ұлттың ым-ишарасын қолданып жүр, олардың білім алып, жұмыс істеуі үшін елімізде еш жағдай жасалмаған. Оның үстіне, Қазақстанда ым-ишара тілінің аудармашысын дайындайтын оқу орындары жоқ. Өз кезегінде, бұл жағдай есту-сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың құқықтарын таптау болып табылады. Сол себепті ҚР Үкіметіне 2025 жылдың 25 сәуірінде жолдаған депутаттық сауалда бір топ депутаттар құлағы естімейтін және сөйлеу қабілеті төмен адамдардың заңды құқығын қорғау мақсатында өздерінің келесі ұсыныстарын жасады. Біріншіден, ым-жым тілін ресми түрде қабылдау. Екіншіден, ым-жым тілінің қазақша баламасын қабылдау. Үшіншіден, дактиль әліпбиін ресми түрде қабылдап, 1–11 сынып аралықтағы барлық пәндерден оқулық әзірлеу. Төртіншіден, дактиль әліпбиіндегі жазылған әдебиеттерді оқу процессіне енгізу. Бесіншіден, дактиль әліпбиінің қазақ тіліндегі баламасын қабылдау. Алтыншыдан, жоғары оқу орындарында арнайы мамандар даярлау [4].

Үкіметтің депутаттық сауалға берген жауабында ҚР 2023 ж. 7 маусымда халықаралық «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны» ратификациялағанын, алдағы кезеңде шетелдердегі мекемелерін тарта отырып, әлемдегі ым-ишара тілдері мен дактиль әліпбилерінің ресми бекітілуіне (мойындалуына) қатысты халықаралық тәжірибе зерделенетінін, одан кейінгі кезеңде мемлекет пен қоғамның инклюзивтілігі тұрғысынан мүдделі мемлекеттік органдар бейінді ұйымдар өкілдерімен бірлесіп, қазақ ым-ишара тілі мен дактиль әліпбиін қабылдау мәселесі егжей-тегжейлі пысықталатынын хабар етті. Бұлардан өзге, мүдделі мемлекеттік органдар, оқу орындары мен қолдау орталықтары өз тарабынан барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасау бойынша жүйелі түрде жұмыстарды атқарып жатқандығын ескертті [5].

Бұл бағыт есту және сөйлеу қабілетінің бұзылуы салдарынан мүгедектігі бар тұлғалардың заң мен сот алдындағы теңдігін қамтамасыз ету және оларға тиесілі құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау үшін тікелей маңызға ие. Алайда қиындықтар дәл процестік құқықтарды іс жүзінде жүзеге асыру деңгейінде сақталып отыр: азаматтық сот ісін жүргізуге ымдау тілі арқылы қатысу мұндай тұлғаларға өздеріне берілген процестік мүмкіндіктердің бүкіл көлемін барлық жағдайда бірдей кедергісіз пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Ал, енді халықаралық тәжірибеге үңілетін болсақ, келесі мемлекеттерде ымдау тілі ресми түрде танылған. Мәселен, British Sign Language Act 2022 британдық ымдау тілі Англия, Уэльс және Шотландия тілі ретінде мойындалған [6]. New Zealand Sign Language Act 2006 ымдау тілін Жаңа Зеландияның ресми тілі ретінде жариялады [7]. Act on the Status of the Icelandic language and Icelandic Sign Language 2022 Исландияның ымдау тілі – өзін-өзі білдіру және басқалармен қарым-қатынас жасау үшін осы тілге сүйенетіндердің ана тілі деп таныды [8]. Act relating to Language 2022 ымдау тілі – Норвегияның ұлттық ымдау тілі, ол тіл мен мәдениеттің білдіру құралы ретінде норвег тілімен тең дәрежеде [9]. Оңтүстік Африка Республикасында оңтүстік африкалық ымдау тілі 12-ші ресми тіл ретінде конституциялық деңгейде 2026 ж. танылды [10].

Ымдау тілі аудармашысының азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы істі дұрыс қарау және объективті әрі заңды сот шешімін шығару үшін ерекше мәнге ие болады. Оның функциясы процеске қатысушыға бағытталған ауызша сөзді ымдау тіліне аударумен ғана шектелмейді. Іске

қатысушы тұлғаның өзінің түсініктемелерін, мәлімдемелерін және өзге де айтқандарын кері аудару да кем емес маңызды. Осындай екіжақты коммуникация арқылы азаматтық процестің аса маңызды бастауларын – тараптардың теңдігін, жарыспалылықты, сот талқылауының тікелейлігі мен ауызшалығын – жүзеге асыру мүмкін болады.

Дүниежүзілік ымдау тілі аудармашылары қауымдастығы (WASLI) мұндай мамандардың саңыраулар қауымдастығының өміріндегі рөліне ерекше назар аударады. Әртүрлі мемлекеттерде оларды кәсіби даярлау және қолдау жүйелері біркелкі қалыптаспаған: білім беру бағдарламалары, аудармашылардың ұлттық қауымдастықтарының қызметі және одан әрі кәсіби даму жағдайлары ерекшеленеді. Алайда тиісті жүйенің даму деңгейіне қарамастан, ымдау тілі аудармашыларының қызметі саңырау адамдардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді және олардың қоғамдық өмірге толыққанды қатысу мүмкіндіктерін кеңейтеді [11, 23 б.].

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 14-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тілін сотқа талап қою берілген тілге қарай сот айқындайды. Бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқыда белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады [12]. Бұл ретте тілді таңдау мәселесі процеске қатысушы үшін формалды емес, практикалық маңызға ие. Азаматтық сот ісін жүргізу тұлғаға өзіне тиесілі құқықтарды жүзеге асыру және қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс, ал бұл процестік құжаттардың мазмұнын, процеске басқа қатысушылардың сөздерін және заңдық маңызы бар өзге де ақпаратты түсінуді көздейді. Мұндай түсінік болмаған жағдайда сот талқылауына қатысу мүмкіндігінің өзі елеулі түрде шектеледі. Аударма құқығын теріс пайдаланудан және бұл процестің кешіктірілуінен аулақ болу үшін, іске қатысушы адамның процесс жүргізілетін тілді білмейтіндігін анықтау үшін судья азаматтың ұлтын, азаматтың қай тілде білім алғанын, қай жерде тұрғанын және жұмыс істегенін анықтауы керек. Сот осы сәтке ерекше мән беруі керек, өйткені сот ісін жүргізетін тіл туралы ереже сот ісін жүргізудің жария етілуіне, ауызша айтылуына, жариялылығына тікелей байланысты [13, 50 б.]. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың ымдау тілі арқылы ым-ишара тілі аудармашының көмегімен сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында заңды мүдделері мен құқықтарын қорғай алады.

ҚР АПК-нің 14-бабының 3 тармағына сәйкес, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі [12]. Сот төрелігінде есту және сөйлеу қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілін ым-ишара тілі аудармашының көмегімен кедергісіз қолдану құқығы берілген. Есту және сөйлеу қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар олардың қызметтерін пайдалана отырып, өтініштерді, шағымдарды және өзге де процестік әрекеттерді заңды мүдделері мен құқықтарын бере алады.

Беларусь Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 16-бабына сәйкес сот ісін жүргізу беларусь және (немесе) орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Істің нәтижесіне заңдық тұрғыдан мүдделі әрі сот ісін жүргізу тілін меңгермеген не жеткілікті дәрежеде меңгермеген тұлғаларға аудармашының көмегімен іс материалдарымен танысу және сот талқылауына қатысу мүмкіндігі беріледі. Бұдан басқа, олардың сотта өздері әдетте қолданатын тілде сөз сөйлеу құқығы сақталады [14].

Бұл норманың мазмұнынан азаматтық процестегі аударма институты әртүрлі ауызша не жазбаша тілдер арасындағы ақпаратты жеткізу құралы ретінде ғана қабылданбауға тиіс деген қорытынды туындайды. Сонымен бірге Беларусь Республикасы АПК-нің 16-бабында есту немесе сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ымдау тілі арқылы азаматтық процеске қатысуын тікелей реттейтін арнайы ереже жоқ. Белгілі бір процестік кепілдік Беларусь Республикасы АПК-нің 102-бабында көзделген: есту немесе сөйлеу қабілеті бұзылған тұлға қолданатын белгілерді түсінетін және оларды түсінетінін растай алатын тұлға аудармашыға теңестіріледі. Осылайша, тиісті коммуникация мүмкіндігін процестік заңнама таниды, алайда ол аудармашының жалпы институты шеңберінде реттеледі.

Өзбекстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 11-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу өзбек, қарақалпақ тілдерінде не тиісті жердегі халықтың көпшілігі сөйлейтін тілде жүзеге асырылады [15]. Бұл норма сот ісін жүргізу тілі қағидатын бекітеді және сонымен бірге процеске қатысушылардың іс қаралатын тілді меңгеру деңгейіне қарамастан, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізін қалыптастырады.

Сонымен бірге Өзбекстан Республикасының АПК-де есту немесе сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуына тікелей арналған арнайы нормалар көзделмеген. Процесс тілі және аудармашыны тарту мәселелері жалпы ережелермен реттеледі. Өзбекстан Республикасы АПК-нің 63–64-баптары аудармашының құқықтық мәртебесін, оның құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Алайда бұл нормалардың мазмұны аудармашының қатысуы негізінен тілдік аударма қажеттілігі тұрғысынан қарастырылатынын көрсетеді. Есту немесе сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ерекше коммуникациялық қажеттіліктері жеке реттелмеген: ымдау тілін пайдалануға, ымдау тілі аудармашысының қатысуына, сондай-ақ процестің мұндай қатысушыларымен коммуникация жасаудың өзге де ықтимал тәсілдеріне арнайы арналған ережелер жоқ.

Өзгеше тәсіл Қырғыз Республикасының заңнамасынан байқалады. Қырғыз Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 12-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу мемлекеттік немесе ресми тілде жүзеге асырылады [16]. Бұл ретте құқықтық реттеу аудармашының қызметтерін сот ісін жүргізу тілін меңгермеген іске қатысушыларға ғана ұсынумен шектелмейді. Заң ымдау тілі аудармашысының қызметтерін пайдалану мүмкіндігін тікелей көздейді.

Мұндай шешім есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы үшін дербес мәнге ие. Ұмдау тілі аудармашысының көмегіне жүгіну мүмкіндігі олардың процестік құқықтарын іске басқа қатысушылармен тең дәрежеде жүзеге асыруына және процестік міндеттерін орындауына жағдай жасайды. Демек, ымдау тіліндегі аударма бұл жерде коммуникациялық кедергіні еңсеру құралы ғана емес, процестік теңдікті қамтамасыз ету тетіктерінің бірі ретінде де көрінеді.

Сонымен қатар Қырғыз Республикасы АПК-нің ережелерін талдау ымдау тілі аудармашысының мәртебесі, оның біліктілігіне қойылатын талаптар, іске қатысуға тарту тәртібі, құқықтары мен міндеттерінің көлемі, сондай-ақ жауаптылығы мәселелерінің негізінен жалпы тәртіппен реттелетінін көрсетеді. Басқаша айтқанда, мұндай маманның қызметтерін пайдалану құқығы тікелей бекітілгенімен, оның процестік жағдайының жекелеген элементтері арнайы әрі егжей-тегжейлі регламенттелмеген.

Әзербайжан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 11-бабына сәйкес азаматтық істер мен коммерциялық даулар бойынша сот ісін жүргізу мемлекеттік әзербайжан тілінде не тиісті жердегі халықтың көпшілігі сөйлейтін тілде жүзеге асырылады [17]. Әзербайжан Республикасында сот ісін жүргізу тілінің реттелуі қатысушылардың сот алдындағы теңдігінің конституциялық қағидатын іске асырумен байланысты және процеске қатысушы пайдаланатын тілге қарамастан, сот арқылы қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, белгіленген тәртіп адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарымен және сот рәсіміне тең қол жеткізу талабымен сәйкес келеді. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың процестік құқықтарын қамтамасыз ету ерекше маңызға ие.

Әзірбайжан Республикасының АПК-нің 65-бабының 65.1 тармағына сәйкес, тілдерді білетін, аударма үшін қажетті білімі бар және сот тағайындайтын адам аудармашы деп танылады. Егер сот талқылауына қатысатын мүгедектігі бар тұлға білікті мамандандырылған делдалдардың (оқып берушілер мен кәсіби ымдау тілі аудармашыларының) көмегін пайдаланса, мұндай мамандандырылған делдалдар Әзірбайжан Республикасының АПК-нің мақсаттары үшін аудармашылар болып есептеледі [17]. Бұл норма процеске қатысушылардың теңдігі қағидатын іске асырады және мүгедектігі бар адамдар үшін сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Мамандандырылған ымдау тілі аудармашылардың қатысуы азаматтық сот ісін жүргізуде тараптардың түсініктемелері, дәлелдемелерді зерттеу кезінде іс бойынша сұрақтар қоюы, сот отырысында болып жатқан мән-жайлардың толық меңгере алуына өздерінің процестік құқықтарын процеске қатысушылармен теңдей пайдалана алады.

Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан және Әзірбайжан Республикасының Азаматтық процестік кодекстерінде ымдау тілі аудармашының қатысуы сот арқылы қорғау құқығын және процеске қатысушылардың теңдік қағидасының жүзеге асырылуына қамтамасыз етілген, сонымен қатар халықаралық стандарттарын негізге алған.

Азаматтық сот ісін жүргізуде есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар өздерінің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау кезінде тараптардың теңдік қағидаты сақталып, сот

тәжірибесінде тиімді қолдану керек. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар ымдау тілі аудармашысының көмегін пайдалану құқығы заңнамада көзделген. Бірақ, бүгінгі таңда кәсіби, білікті ымдау тілі аудармашылар уақытылы дер кезінде іске қатыстыруға қиыншылықтар тудыру мүмкін.

Негізінде, ым-ишара аударма – бұл саусақпен ымдау мен бет-әлпет ишарасы арқылы есту қабілеті нашар адамдарға ақпарат беру тәсілі; сөйлеу хабарламасын ауызша, акустикалық нысаннан вербалды емес, дактильді-мимикалық жесті кодына айналдыру процесі. Мұндай қызметті жүзеге асыру субъектісі ым-ишара аудармашы, ол аудармашы-дактилолог – ауызша сөйлеуді ымдау тіліне аудару жөніндегі маман және керісінше. Ымдау тілі аудармашының сот процесіне қатысу ерекшелігін ескере отырып, ең алдымен оның іс жүргізу мәртебесін қарастыру керек. Ымдау тілі аудармашы кәсібінің мәнін ескере отырып, оның сот процесіне қатысушы ретіндегі құқықтық мәртебесі, Н.Л. Голикованың ойымызша, қолданыстағы заңнамада көзделген сот ісін жүргізу кезінде ымдау тілі аудармашының құқықтары, кепілдіктері, міндеттері мен жауапкершілігінің жиынтығын түсіну керек [18, 2 б.]. Ымдау тілі аудармашы азаматтық сот ісін жүргізуде маңызды орын алады. Себебі теңдік пен жарыспалылық қағиданың сақталуын, есту және сөйлеу қабілеттігінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар адамдардың азаматтық істерді қарауда заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауын жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Азаматтық сот ісін жүргізуде ым-ишара тілінің аудармашысының процестік мәртебесі заңнамада белгіленген аудармашының мәртебесіне теңестіріледі. Ым-ишара тілінің аудармашысының процестік мәртебесін арнайы нормалар арқылы заңнамалық тұрғыдан айқындап, оның құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ жауапкершілігін нақты белгілеу қажет.

Есту және сөйлеу қабілеті бұзылу бойынша мүгедектігі бар адамдар азаматтық сот ісін жүргізуде өздерінің ҚР АПК-нің 14-бабының 3-тармағына сәйкес, есту және сөйлеу қабілеттігінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі [12]. Аудармашыны шақыру және еркін тандалған тілді пайдалану тәртібін реттейтін процестік ережелерді бұзу сот актілерінің күшінің жойылуына әкеп соғады [19, 29 б.].

Сонымен қатар, қазіргі таңда қоғамда есту қабілеті нашар дамыған мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау үшін қоғамдық бірлестіктерінің бар екенін ескертіп кетсек болады. Мысалға, «Саңыраулардың қазақ қоғамы» ҚБ «Ақмола облыстық ұйымы» қоғам мүшелерін алаңдатып отырған өткір сұрақ – аудандарда ымдау тілі мамандарының жетіспеушілігі. Әрине сол бағыт бойынша оқыту белсенді басталады [20]. Азаматтық істі сотта қарау мен шешу кезінде штаттық жұмыскер ымдау тілінің аудармашылары жетіспейтіндігін байқауымызға болады. Бұл азаматтық істі сотта созылуына, уақытылы және объективті шешілмеуіне әкеп соғады. Тәжірибеде сурдоаудармашының көмегін қажет болған жағдайда ғана оны шақыру арқылы қызметін қолданады.

Азаматтық іс қозғау сәтінен басталады. Есту және сөйлеу қабілеттігі бұзылған тұлға іс жүргізу құжаттарын дайындау, сот қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау, құқықтары мен міндеттерін түсіндіру кезінде белгілі бір қиындықтарға тап болуы мүмкін. Есту және сөйлеу қабілеттігі бұзылған тұлға өтініш хат жасаған кезінде не белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жасау кезінде сурдоаудармашының қатысуын қамтамасыз ету керек. Мұнда іс жүргізу құқықтарын мен міндеттерін түсіндіру, талап арыз беру мүмкіндігін қамтамасыз ету, іс жүргізу құжаттарымен қамтамсыз ету, істі қарау тәртібін түсіндіру кезінде ымдау тілі аудармашы ықпал етеді.

ҚР АПК-нің 150-бабының 1-тармағына сәйкес, судья талап қою қабылдағаннан кейін, істі сот талқылауына дайындау сатысында іске қатысатын адамдардың құрамына сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарламалар, ұйғарымдар және басқа да құжаттарды жазбаша не электрондық нысанда жіберіледі [12]. Есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар адамдар сот талқылауына дайындау сатысында судья ымдау тілі маманының уақытылы қатысуын мүмкін болса азаматтық істі қозғау сатысында шешілуге тиіс. Сот тәжірибесінде ымдау тілі маманның қатысуы көбінесе тарап сурдоаудармашымен бірге келеді. Бұл әрине істі дұрыс және тез оң шешім шығаруына көмегін тигізеді.

ҚР АПК-нің 165-бабының 2-тармағына сәйкес, мұнда егер есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар жауапкер немесе іске қатысатын басқа да тұлғалар есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар болса сотқа талап қоюға қоса берілген құжаттарды алмағандығы туралы мәлімдеген

жағдайда, сот олармен сотта таныстыруды қамтамасыз етеді, есту қабілеті бойынша мүгедектігі адам тарапынан құжаттарды тапсыру туралы өтінішхаты болған жағдайда талап қоюшыны көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндеттейді [12].

Азаматтық істі сот талқылауына дайындау барысында алдын ала сот отырысына қатысуда, тараптардың түсініктемелерін аударуда, іске қатысушыларды іс материалдарымен таныстыруда, ұсынылған процестік құжаттардың мазмұнын түсіндіруде, өтініштерді қарауға қатысуда және сот ұйғарымдарын аударуда, сондай-ақ жарыспалылық қағидатын іске асыру мақсатында ым-ишара тілінің аудармашысын қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Судьяның істі сот талқылауына дайындау барысында есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар тұлғаларға процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіру үшін, ұсынылған процестік құжаттар және тараптар өзара даулайтын мән-жайлар бойынша түсіндірмелер беру үшін, татуласу келісімінің құқықтық салдарын түсіндіру үшін т.б. процестік әрекеттерді жүргізу үшін ым-ишара тілінің аудармашысы қатысуымен жүзеге асырады. Мұнда сот пен есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адам арасындағы азаматтық процестік қатынастарды қамтамасыз ететін ым-ишара тілінің аудармашысы қатысуы керек. Азаматтық істі сот талқылауына дайындау сатысында судья ым-ишара тілінің аудармашысының іске қатысу мәселелері туралы сұрақтарын шешіп қажет деп тапқан жағдайда оны процеске тартумен қамтамасыз ету керек.

Сот практикасында соттар ымдау тілі маманының көмегіне мұқтаж адамдардың іске қатысу жағдайларына тап болады [21].

2024 ж. 9 қазанда Астана қаласының азаматтық істер бойынша ауданаралық сотта жауапкерге берілген көлік құралын басқару құқығын уақытша тоқтата тұру туралы ашық сот отырысы сурдоаудармашының қатысуымен жүргізілді. Бұл іс бойынша талап қоюшы ретінде банк пен жауапкер есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар Д. деген азамат қатысты. Іс бойынша анықталғаны жауапкер Д. есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар Д. деген азамат жауапкер ұсыну талабын мойындамады, алаяқтық әрекеттердің құрбаны болғанын түсіндірді, көлік құралын сату кезінде ол банктің кепіл мүлкі болып табылатын білген жоқ сондықтан да алданып қалды, қазіргі уақытта жүргізуші куәлігі оған қажет өйткені кешке ұлымен жеке жүк тасымалымен айналысады. Аталған азаматтық іс жауапкерді сүйемелдеген сурдоаудармашының қатысуымен қаралды [22]. Мұндай істердің практикалық маңызы бар, өйткені азаматтық сот ісін жүргізуде есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың қатысуымен даулар қаралады, ал олардың процестік құқықтарын толыққанды жүзеге асыруы үшін ымдау тілі маманының білікті көмегі қажет. Мұндай маманның қатысуы сот талқылауының мазмұнын қабылдауды және іске қатысушы тұлғаның ұстанымын жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы арқылы тараптардың теңдігі мен жарыспалылығы қағидаттарын неғұрлым толық жүзеге асыруға, сондай-ақ азаматтық істі объективті қарауға жағдай жасалады.

2024 ж. 29 наурызда Алматы қаласының азаматтық істер жөніндегі № 2 Алмалы аудандық сотында С.-ның жауапкер Б.-дан ақша қаражатын өндіріп алу туралы талап қоюы бойынша іс қаралды [23]. Талап қоюшының есту және сөйлеу қабілетінің бұзылуына байланысты мүгедектігі болғандықтан, сот талқылауы барысында оған тиесілі процестік құқықтарды жүзеге асыру үшін ымдау тілі аудармашысының қатысуы қамтамасыз етілді. Талап қою жазбаша нысанда берілді, ал талап қоюшының процеске одан әрі қатысуы оның ақпаратты қабылдау және өз ұстанымын білдіру ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылды. Осы жерде азаматтық сот ісін жүргізуде мүгедектігі бар тұлғаның теңдік қағидатының сақталғандығы және қолжетімділігі байқалады. Ым-ишара тілінің аудармашысының қатысуы талап қоюшының өз заңды мүдделерінің қорғай алуы, өз құқықтары мен міндеттерінің түсінуі, өз талаптарын еркін білдіре алуы, дәлелдемелерді зерттеу кезінде өз пікірлерін жеткізе білуі және т.б. өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы болып келеді.

Алматы облысының Талғар аудандық сотының 2024 ж. 13 маусымдағы жалпы юрисдикциядағы сотында талап қоюшы Т. мен жауапкер Ж. заң бойынша мұраны қабылдау туралы өтініш беру мерзімін қалпына келтіру туралы талап арыз бойынша іс қозғалып істі сот талқылауына тағайындау туралы ұйғарым шығарды [24]. Аталған іс бойынша судья ұйғарымымен орыс тілінде сот ісін жүргізу белгіленгеніне қарамастан, осы азаматтық істі қарау ым-ишара тілінің аудармашысы қатысуымен қарастырылды. Мұнда судья сот төрелігіне қол жетімділік және теңдік қағидаларын сақтай отырып, есту қабілеті бұзылған талап қоюшының құқықтары жүзеге асырылды.

Азаматтық сот ісін жүргізуде тараптардың бірі есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар болса оның түсіндірмесін тыңдау үшін істің мән-жайларын анықтау үшін, өз дәлелдерін сотта ауызша түсіндіре алмайтындығы туралы судья азаматтық істі дайындау сатысында дер кезінде анықталған болса, сурдоаудармашыны қатыстырумен азаматтық іс қаралады. Қазіргі таңда азаматтық сот ісін жүргізуде цифрландырудың жақсы дамығанын ескеретін болсақ, сурдоаудармашының техникалық байланыс құралдары арқылы автоматты түрде аудармамен қамтамасыз етуге кез келді деп есептейміз. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың азаматтық сот ісін жүргізуде жарыспалық қағидатын тиімді жүзеге асырылуына кепілдік береді. Бұл іске қатысатын тұлғалардың іске ұсынылған материалдарын, дәлелдемелерін зерттеуге қатысуына тең мүмкіндіктер болады.

АҚШ-та да, Канадада да кәсіби қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары аудармашыларға қызмет көрсететін ұйымдар сәтті болды. Заң мекемелерінде жұмыс істейтін аудармашылар үшін стандарттарды арттыруда. Ұйымдар жұмысқа кіріспес бұрын сертификаттаудың маңыздылығын атап өтеді. Заңды контексте. Алайда, екі ұлттық ұйым белгілеген стандарттарға қарамастан, мұндай жағдайға жол берілмеуі тиіс. АҚШ пен Канададағы аудармашылардың кәсіби ұйымдары, атап айтқанда, Саңырауларға арналған аудармашылар тізілімі (RID), Солтүстік Америкадағы визуалды аудармашылар қауымдастығы және Канаданың визуалды тіл аудармашылары қауымдастығы (AVLIC) аудармашыларға қойылатын қажетті біліктілік талаптарын белгілейді. Соған қарамастан, көптеген юрисдикцияларда тиісті ұлттық ұйымдар белгілеген немесе ұсынған біліктілігі жоқ аудармашыларды жұмысқа тарту жағдайлары әлі де кездеседі. Лен Робертсон, Дебра Рассел, Риса Шоу заңгерлік кәсіп өкілдері – судьялар, адвокаттар және сот қызметкерлері – сот талқылауының тікелей барысында аудармашыдан талап етілетін тілдік құзыреттілік деңгейін жиі жете бағаламайтынына назар аударған. Қажетті кәсіби даярлығы, практикалық дағдылары не тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды құқық қорғау және сот органдарында ауызша аударма жасауға тарту заңдық маңызы бар ақпарат мазмұнының дәл берілмеу қаупін арттырады [25]. Шетелдік тәжірибе сурдоаудармашыларға, әдетте, тиісті сертификаттың болуын қоса алғанда, жеткілікті дәрежеде қатаң кәсіби талаптар қойылатынын көрсетеді. Бұдан басқа, жекелеген елдерде мұндай мамандардың арнайы тізілімдері қалыптастырылады. Сонымен бірге шетелдік тәжірибенің өзі де осы салада белгілі бір мәселелердің сақталып отырғанын көрсетеді. Сондықтан Қазақстанда да сурдоаудармашыларға қойылатын талаптарды күшейту қажет деп саналады. Олардың сот отырысында жүзеге асыратын аудармасының сапасы іс мән-жайларының толық қабылдануына және түптеп келгенде сот қабылдайтын шешімнің дұрыстығы мен объективтілігіне тікелей ықпал етуі мүмкін.

Азаматтық істі қарау кезінде сурдоаудармашының қатысуы тараптар түсініктемелер бергенде, іс бойынша сұрақтар қойылғанда, куәлардың айғақтары тыңдалғанда, сарапшылардың қорытындылары жария етілгенде, сот жарыссөздері өткізілгенде және сот шешімі жарияланған кезде қамтамасыз етілуге тиіс. Мұндай жағдайларда ымдау тілі аудармашысы істі дұрыс және объективті шешу үшін маңызы бар ақпараттың сапалы әрі дәл берілуін қамтамасыз етуге тиіс. Оған сот отырысында жасалатын барлық процестік әрекеттердің мазмұнын есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғаға уақтылы жеткізу міндеті жүктеледі.

Аударманың тиісінше сапалы болмауы коммуникацияны жай ғана қиындатумен шектелмей, іске қатысушының процестік құқықтарының іс жүзінде шектелуіне әкеп соғуы мүмкін. Атап айтқанда, тұлға қарсылықтарын уақтылы мәлімдеу, дәлелдемелер ұсыну не азаматтық процестік заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылуы ықтимал. Сондықтан ымдау тіліндегі аударманың дәлдігі, толықтығы және уақтылығы мұндай тұлғаның азаматтық сот ісін жүргізуге толыққанды қатысуы үшін тікелей маңызға ие.

ҚР АПК-нің 193 бабына сәйкес, соттың құрамын жариялау мен қарсылық білдіру құқығын судья түсіндіру кезінде сот төрелігінің әділ жүзеге асыру үшін есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделері жүзеге асыру үшін, егерде ым-ишара тілінің аудармашысын қатыстыру мәселесі азаматтық істі сот талқылауына дайындау сатысында қарастырылмаған болса, онда дер кезінде шешілу керек [12].

Азаматтық сот ісін жүргізуінің объективті әрі дұрыс қарастыру үшін, есту және сөйлеу қабілеті бұзылған бойынша мүгедектігі бар тұлғаның мәлімдеген өтініштерді сот іске қатысушыларымен тең қарастыру керек.

ҚР АПК-нің 196-бабын сараптайтын болсақ, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар тұлға сотқа өзінің сот отырысына келмеу себептерін алдын ала хабарлап өз дәлелдерін ұсыну керек [12].

Ым-ишара тілінің аудармашысына азаматтық сот ісін жүргізуде дұрыс аударма жасағаны үшін жауапкершілік заңмен көзделген. Негізінде қате аударма деп іске қатысушылардың түсініктемелерінің мағынасын толық немесе ішінара бұрмалау, маңызды ақпаратты жіберіп алу немесе оны өзгерту т.б. болып келеді. Мұнда қате аудармаларынан дәлелдемелерді дұрыс қабылдамау, іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы, тұлғаның өзінің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау құқығын шектеу, соттың шешімі заңсыз және объективті болмауына әкеп соғуы және т.б. жіберілген қателіктерінен ауыр салдарларға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, сурдоаудармашы азаматтық істі қарау кезінде құпиялық мәліметтерді бұзғаны үшін де жауапкершіліктер қарастырылған. Себебі құпиялықты сақтау міндеті істі қарау кезінде ғана емес, іс аяқталғаннан кейін де қолданады.

Азаматтық сот ісін қарау сатысында ым-ишара тілінің аудармашысына жалған аударма бергені үшін қылмыстық жауапқа тартылатыны туралы ескертіп кету керек. ҚР Қылмыстық кодексінің 420-бабының 1-тармағына сәйкес, қате аударма үшін алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны көзделген [26]. Қате аударма кәдімгі ауызша аударма кезінде ғана емес, ымдау тілін пайдаланып аудару кезінде де орын алуы мүмкін. Ымдау тілі аудармашысының қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе ол кәсіби міндеттерін орындау кезінде аударылатын ақпараттың мазмұнын көрінеу бұрмалаған не пайдакүнемдік немесе өзге де мүдделілікпен көрінеу дұрыс емес аударма жасаған жағдайларда туындайды. Мұндай жағдайларда мәселе кәсіби қателіктің өзі туралы емес, заңдық маңызы бар ақпаратты шынайы жеткізу міндетін саналы түрде бұзу туралы болып отыр.

Соттың дәлелдемелерді тексеру, зерттеу және бағалау жөніндегі қызметінің дәлелдеудің жалпы жүйесіндегі орны туралы мәселе жеке назар аударуды қажет етеді. Мұндай қызметті біржақты түрде тараптардың процестік әрекеттеріне ғана жатқызуға болмайды, өйткені дәлелдемелерді зерттеуді сот сот отырысында іске қатысушы тұлғалардың тікелей қатысуымен жүзеге асырады. Бұдан басқа, егер тарап қажетті дәлелдемені өз бетінше ұсыну мүмкіндігіне ие болмаса, процестік заңнама оны сот арқылы талап етіп алдыруға жол береді. Тиісті дәлелдемені талап етіп алдыру туралы өтінішхат мәлімдеу құқығы бұл жағдайда тараптың процестік құқықтарын жүзеге асырудың елеулі кепілдіктерінің бірі болып табылады.

Сондықтан дәлелдеуді тараптар мен процестің өзге де мүдделі қатысушыларының қызметімен ғана шектеу осы институттың мазмұнын толық көлемде ашуға мүмкіндік бермейді [27, 13 б.]. Есту және сөйлеу қабілетінің бұзылуы салдарынан мүгедектігі бар тұлғалар үшін бұл мәселе ерекше практикалық мәнге ие. Олардың дәлелдемелерді ұсынуға, зерттеуге және бағалауға байланысты құқықтарын жүзеге асыруы тиісті процестік әрекеттердің мазмұны оларға қаншалықты толық әрі дәл жеткізілетініне және сол әрекеттерге уақтылы ден қою мүмкіндігінің берілуіне тікелей байланысты. Мұнда көбінесе аталған тұлғалардың ақпаратты қабылдауда, түсініктемелер жеткізу кезінде, дәлелдемелерді ұсынуда және оларды зерттеуге қатысуда объективті қиындықтарға тап болады. Осы жерде тараптардың жарыспалығы енжар түрде болады және іске қатысушылардың теңдік қағида сақталады деп есептейміз. Сонымен есту және сөйлеу қабілеті бұзылу бойынша мүгедектігі бар адамдардың қатысуымен болған істерге қатысты дәлелдеу процесіне соттың қатысуы жарыспалылық қағидатының шектеу ретінде емес, олардың құқықтарын тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді деп қарастыруға болады. Сонымен қатар, теңсіздік қағиданың жоюына ықпалын тигізеді.

Азаматтық істі қарау мен шешу кезінде куәдан жауап алу, құжаттарды зерттеу, заттай дәлелдемелерді зерттеу, сарапшының қорытындысын зерттеу және оны жариялау және түсіндіру кезінде есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып, Ым-ишара тілінің аудармашысын қатыстыра отырып жүзеге асырылады. Ым-ишара тілінің аудармашысын тағайындау кезінде ол қаралып жатқан азаматтық сот ісінің тілін еркін меңгерген болу

керек. Кейбір жағдайларда ым-ишара тілінің аудармашысы азаматтық сот ісін жүргізу тілін жеткілікті деңгейде меңгермеген кезде, есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ымдау тіліндегі түсініктемелерін сот ісін жүргізу тіліне аудару үшін қосымша аудармашының көмегі қажет болуы мүмкін.

Азаматтық сот ісін жүргізуде мамандандырылған ым-ишара тілінің аудармашысы болуы процеске қатысушыларға сот отырысында болып жатқан мән-жайларды, тараптардың түсініктемелері, куәларға, сарапшыларға сұрақтар қоюға, қарсылықтар мен өтініштер мәлімдеуге және өз құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндігін береді. Тараптардың сотқа ұсынылған дәлелдемелерді зерттеу кезінде есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға оны қабылдауға қиындықтар тудырады. Себебі ол ауызша жүзеге асырылады. Мұнда ымдау тілі аудармашы тез әрі кәсіби аударуға дайын болу керек. Сондықтан да, сапалы ым-ишара аударманы қамтамасыз ету дәлелдемелерді жан-жақты дұрыс және объективті зерттеп судьяның дұрыс шешім шығаруына ықпалын тигізеді.

Азаматтық істі қарау мен шешу кезінде аудармашының кемшіліктері болып тәжіриберде мынандай жағдайларда кездесіп жатады: куәлардың айғақтарын, сарапшының қорытындыларын дұрыс қабылдамау және т.б. Негізінде куәнің айғақтары істің мән-жайларын дұрыс анықтауға маңызды рөл атқарады. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың куәлардың айғақтарын мамандандырылған ым-ишара тілінің аудармашысы арқылы қабылдауға, оларға сұрақтар қоюға, мән-жайларды нақтылауға және ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына қатысты өз пікірлерін айтуға мүмкіндіктері болады. Бұл азаматтық сот ісін жүргізудің теңдік және жарыспалылық қағиданың толық жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Ым-ишара тілінің аудармашысы сот отырысы залында сот процесіне тиімді қатысуы үшін тиісті жағдайлар, атап айтқанда ымдау көрінуі үшін жақсы жарықтандыру және ым-ишараны ыңғайлы, анық және толық білдіру үшін кеңістік жасау керек. Ым-ишара тілінің аудармашысының қатысуымен сот процесін жүзеге асыру кезінде қысқа үзілістер жасау керек, өйткені мұндай адамның есту қабілеті нашар адамның қимылдары мен ым-тұс үнемі шоғырлануы көру қабілетін шаршатады және ойлауды тежейді, бұл дұрыс емес аудармаға әкелуі мүмкін және өз кезегінде адамның сот ісін жүргізуде ана тілін немесе тілін қолдануға конституциялық құқығын бұзады, ол түсінеді. Сондай-ақ, ым-ишара тілінің ерекшеліктеріне байланысты ым-ишара тілінің аудармашысы мүмкіндігінше күрделі және терминологиялық сөздерді қолданудан бас тартуы керек, ал сот процесіне қатысушылар қажет болған жағдайда нақтылау сұрақтарын қойып, екіұшты сөздерден аулақ болу керек [28].

Сарапшылардың қорытындылары арнайы терминологиялық сөздерді қолдана отырып жарияланады. Мұнда сараптаманың қорытындысының мазмұнын дұрыс есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға дұрыс жеткізу үшін мамандандырылған ым-ишара тілінің аудармашысының көмегімен жүзеге асыра аламыз. Ым-ишара тілінің аудармашыларын тарта отырып, сот отырысы залында немесе бейнеконференц-байланыс арқылы қолдану, субтитрлерді, электрондық құжаттарды және өзге де техникалық құралдарды пайдалану есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар үшін сот талқылауы қолжетімді болу үшін және құқықтарын тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету керек. Азаматтық істі қарау мен шешу кезінде жарыспалылық, тараптардың теңдігі қағидаттарының маңыздылығы дәлелдемелерді зерттеу кезінде есту және сөйлеу қабілеті бұзылған мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыру қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, азаматтық сот ісін жүргізуде теңдік қағиданы сақтау үшін есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар тұлға ым-ишара аудармашының көмегімен сот жарыссөзінде кезінде сот отырысы барысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасай алмайды.

ҚР АПК-нің 221-бабына сәйкес, сот жарыссөздерінен кейін сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне шығып кетеді [12]. Соттың шешімін шығару кезінде сот дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеген кейін шешім шығарады. Есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар тұлғаның қатысуымен қаралған кезінде тараптардың теңдік және жарыспалық қағиданы сақтай отырып іске қатысатын тұлғалардың қатысуымен шешім жариялау кезінде ымдау тілі арқылы есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар тұлға түсіну керек. Мұнда ым-ишара тілінің аудармашысы судья шешімінің

мазмұнын түсіндіру кезінде, оның құқықтық салдарларын, сот шешімінің орындау немесе шағымдану тәртібі мен мерзімдерін түсіндіріп жеткізу керек.

Соттың шығарған шешімінің мазмұнын есту және сөйлеу қабілеті бұзылу бойынша мүгедектігі бар тұлғаларға түсіндіру маңызды болып келеді. Сот шешімінің қарар бөлігін ресми түрде жариялау жеткіліксіз, себебі есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған бойынша мүгедектігі бар тұлға соттың құқықтық дәлелдерін, талаптарды қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту негіздерін, сондай-ақ шешім шығарылғаннан кейін туындайтын іс жүргізу құқықтарын түсінуге нақты мүмкіндікке ие болуы керек.

Егер де есту және сөйлеу қабілетінен айрылу бойынша мүгедектігі бар тұлғалар соттың шығарған шешімін заңсыз немесе негізсіз деп есептейтін болса, апелляциялық шағым келтіруге құқылы. Мұндай құқықты іске асыру үшін сурдоаудармашының көмегін тек бірінші сатыда ғана емес, апелляциялық сатыда да құжаттарды дайындау, іс материалдармен танысу кезінде, істі қарау кезінде және басқа да процестік құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Әрине, ым-ишара тілінің аудармашысының көмегін азаматтық іс қозғау сатысынан бастап сот шешімін орындау кезінде толық қамтамасыз ету керек. ым-ишара тілінің аудармашысының көмегі дер кезінде қамтамасыз етілмесе, ол сот шешімінің күшін жоюына әкеледі.

Азаматтық сот ісін жүргізуде есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың ымдау тілі арқылы қатысу кезінде ым-ишара тілі аудармашысының көмегімен жүзеге асырылады деген тұжырым жасауға болады. ым-ишара тілінің аудармашысы істің нәтижесіне мүдделі емес сот төрелігін жүзеге асыруына жәрдемдесуші тұлға болып келеді. Сонымен қатар, істе тараптардың түсініктемелерін өзгертпей кәсіби аударма жасайды. Ол кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіздік, объективтілік және құпиялық қағидаттарын сақтай отырып, өзіне жүктелген процестік міндеттерді адал орындайды.

Қорытынды

Азаматтық сот ісін жүргізуде есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған адамдардың ымдау тілі арқылы қатысуы заң мен сот алдындағы теңдік қағидатының сақталуын, сондай-ақ істің дұрыс және объективті шешілуіне ықпалын тигізеді деген қорытындыға келуге болады.

Қазіргі таңда есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған адамдардың отбасылық, еңбек және азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларда өз заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінеді. Азаматтық істі қарау мен шешу кезінде аудармашы тараптардың сот ісінің тілін меңгермейтін жағдайда ғана емес, сонымен қатар есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған адамдардың ымдау тілі арқылы ым-ишара тілінің аудармашысының қатысуымен жүзеге асырады. Бүгінгі таңда тәжірибеде мамандандырылған аудармашылар тапшы екенін байқауымызға болады. Сондықтан да, мамандандырылған ым-ишара тілінің аудармашыларын дайындайтын кез келді.

Жүргізілген зерттеу барысында есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғаның азаматтық сот ісін жүргізуге ымдау тілі арқылы қатысуын оның сотпен коммуникациясын қамтамасыз ету тәсілі ретінде ғана емес, сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асырудың дербес процестік кепілдігі ретінде де қарастыру қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сот талқылауының мазмұнын түсіну және өз ұстанымын білдіру мүмкіндігі іске қатысушының өзіне берілген процестік құқықтарды пайдалану қабілетіне тікелей әсер етеді. Демек, заңда көзделген талаптар формалды түрде сақталғанның өзінде, қолжетімді коммуникация нысанының болмауы іске қатысушы тұлғаның процестік мүмкіндіктерінің іс жүзінде шектелуіне әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты ым-ишара аудармашының қатысуы тараптардың теңдігі мен жарыспалылық қағидаттарын қамтамасыз ету үшін тікелей маңызға ие. Оның қызметі сот отырысында болып жатқан оқиғаларды жалпы түсінуді емес, заңды маңызы бар ақпаратты мүмкіндігінше дәл беруді қамтамасыз етуі керек. Қате немесе толық емес аударма адамның түсініктемелерінің мазмұнына, оның екінші тараптың дәлелдеріне, мәлімделген талаптарға және ұсынылған дәлелдемелерге қатынасына әсер етуі мүмкін, бұл сайып келгенде азаматтық істі қарау мен шешудің дұрыстығына әсер етуі мүмкін.

Халықаралық тәжірибе Ұлыбритания, Исландия, Австралия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Австрия, Испания, Швеция және Оңтүстік Африка Республикасы сияқты елдерде ымдау тілі ресми түрде танылған деп жоғарыда айтып кеткен болатынбыз. Мұның себебі, әлемде ымдау тілін қолданатындардың санын артқандықтан деп білеміз. Ол тек шет елдерде ғана емес, бүгінгі таңда біздің елімізде ымдау тілі арқылы көбінесе еңбек шарттарымен жұмыскерлер жұмыс жасап жатқанын байқауымызға болады. Сондықтан да, әрбір азаматтың заңды мүдделері мен құқықтары бұзылған жағдайда олар тәжірибеде қорғай алатына сенімді болу керек.

Салыстырмалы-құқықтық талдау ымдау тілін тану және оны тәжірибеде қолдану тетіктерін құру сот төрелігіне тең қол жеткізуді қамтамасыз етудің маңызды шарттары екенін көрсетеді. Сонымен бірге, ымдау тілін тану мәселені тиісті ұйымдастырушылық және процедуралық қамтамасыз етуді шешпейді. Адамның азаматтық процеске тиімді қатысуы үшін дайындалған мамандар, оларды тартудың түсінікті тәртібі және бүкіл сот талқылауы барысында аударманы алу мүмкіндігі қажет.

Бүгінгі таңда сот жүйесінде цифрландыру күнге-күнге жақсы дамып келеді. Әрбір есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған адамдар өздерінің заңды мүдделері мен құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінген кезінде оларға сот аппаратының қызметкері өз қызметтерін көрсете алу керек. Яғни сот қызметкерлерін ымдау тілінде хабардар болу керек немесе дер кезінде қашықтан аударма жасау мүмкіндігі болу керек. Осыдан әрбір есту және сөйлеу қабілетінен бұзылған адамдар сотта өз заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау кезінде теңдігін және мемлекетпен қорғалатынына қамтамасыз етіледі.

Осы тұста қазіргі заманғы цифрлық мүмкіндіктерді ескере отырып, сот процесін ұйымдастыруды жетілдіру орынды болып көрінеді. Атап айтқанда, ым-ишара аудармашы тікелей сотта болмаған жағдайда білікті маманды жедел қашықтықтан қосу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Мұндай тетікті барлық жағдайда маманның тікелей қатысуын алмастыратын құрал ретінде емес, аудармашының болмауы істің қаралуына кедергі келтіретін не тұлғаның өзіне тиесілі процестік құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндігін іс жүзінде шектейтін жағдайларды болдырмауға мүмкіндік беретін қосымша процестік кепілдік ретінде қарастырған жөн.

Бұдан басқа, сот отырыстарына қатысуға тартылатын ымдау тілі аудармашыларын кәсіби даярлауға арнайы талаптар белгілеу қажет деп саналады. Ымдау тілін меңгерудің өзі жеткіліксіз. Маманның заң терминологиясы жөнінде қажетті білімі болуы және соттағы коммуникацияның ерекшеліктерін түсінуі тиіс. Бейтараптық, құпиялылық және аударма дәлдігі қағидаттарын сақтауға қойылатын талаптар да жеке нормативтік бекітуді қажет етеді, өйткені мұндай маманның қызметі сот талқылауына қатысушының процестік құқықтарын жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Осыған байланысты ымдау тілі аудармашыларына қойылатын талаптарды күшейтіп, сонымен бір мезгілде олардың сот процесінде жүзеге асыратын аудармасының ерекше маңызын бекіткен жөн. Ақпаратты жеткізудің сапасы мен дәлдігі соттың іске қатысушының ұстанымын қабылдауына және тиісінше қабылданатын сот шешімінің заңдылығы мен объективтілігіне тікелей ықпал етуі мүмкін.

Сондықтан Қазақстанның азаматтық процестік заңнамасында есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ымдау тілі арқылы сот ісін жүргізуге қатысу кепілдіктерін нақтылау қажет. Атап айтқанда, нормативтік деңгейде ымдау тілі аудармашысының сот процесіндегі мәртебесін, оның құқықтары мен міндеттерінің аясын, аударма сапасына қойылатын талаптарды, сондай-ақ маманның тікелей қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда қашықтан аударманы пайдалану тәртібін айқындаған орынды. Мұндай өзгерістер сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға ғана емес, есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін процеске басқа қатысушылармен тең дәрежеде қорғауына мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға да бағытталатын болады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері есту және сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуын қамтамасыз ету тек аудармашының сот отырысында болуымен ғана шектелмеуге тиіс екенін көрсетеді. Құқықтық, ұйымдастырушылық және цифрлық тетіктердің өзара байланысты жүйесі қажет. Ымдау тілі аудармашысын кәсіби даярлау, аударма сапасына қойылатын талаптар және қашықтан аударманы пайдалану мүмкіндігі біртұтас процестік кепілдіктер жүйесінің элементтері ретінде қарастырылған жағдайда ғана мұндай тұлғалардың сот төрелігіне нақты әрі тең қол жеткізуі туралы айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы (2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған). URL: https://prg.kz/document/?doc_id=32817648 (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 2 Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326> (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 3 Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000288> (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 4 2024 жылғы 23 сәуірдегі № ДС-204 ым-жым тілі және дактиль алфавиті туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Е.Б. Көшербаевқа Депутаттық сауал. URL: https://mazhilis.parlam.kz/media/deputy_request/documents/2025-04-25/ДС-204_8_3_01Aq4OY.pdf (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 5 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы №16-10/3120 дз Депутаттық сауалға жауабы. URL: https://mazhilis.parlam.kz/media/deputy_request_answer/documents/2025-05-22/Ответ_ДС-204_8_3.pdf (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 6 British Sign Language Act 2022. URL: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2022/34> (accessed: 01.07.2026)
- 7 New Zealand Sign Language Act 2006. URL: <https://www.legislation.govt.nz/act/public/2006/18/en/latest/#DLM372754> (accessed: 01.07.2026)
- 8 Act on the Status of the Icelandic language and Icelandic Sign Language, June 7th 2011. No.61. URL: <https://www.deaf.is/english/status-of-icelandic-sign-language/> (accessed: 01.07.2026)
- 9 Act relating to Language 2022. URL: <https://lovdata.no/dokument/NLE/lov/2021-05-21-42> (accessed: 01.07.2026)
- 10 Constitution of the Republic of South Africa, 1996. Chapter 1: Founding Provisions. URL: <https://www.gov.za/documents/constitution/constitution-republic-south-africa-1996-chapter-1-founding-provisions-04-feb#5> (accessed: 01.07.2026)
- 11 Варинова О.А. Теория и практика сурдоперевода: учебно-методическое пособие / О.А. Варинова, Е.С. Минаева. – Новосибирск: Изд-во НГТУ, 2014. – 36 с.
- 12 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z14> (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 13 Кайса С.Т., Исакова А.Б. Научно-практический комментарий к Общей части Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан. – Алматы, 2010. – 236 с.
- 14 Гражданский процессуальный кодекс Республики Беларусь от 11 января 1999 г. № 238-З. URL: <https://pravo.by/document/?guid=3871&p0=hk9900238> (дата обращения: 15.07.2026)
- 15 Гражданский процессуальный Кодекс Республики Узбекистан от 22 января 2018 года № ЗРУ-460. URL: <https://lex.uz/docs/3517334> (дата обращения: 15.07.2026)
- 16 Гражданский процессуальный кодекс Кыргызской Республики от 25 января 2017 года № 14. URL: <https://cbd.minjust.gov.kg/3-29/edition/1261675/ru> (дата обращения: 15.07.2026)
- 17 Azərbaycan Respublikasının 28 dekabr 1999-cu il tarixli № 780-IQ nömrəli Mülki Prosessual Məcəlləsi. URL: <https://e-qanun.az/framework/46945> (дата обращения: 15.07.2026)
- 18 Голикова Н.Л. Сурдопереводчик в процессе реализации конституционного права на использование в судопроизводстве родного языка или языка, которым лицо свободно владеет // Международный научно-исследовательский журнал. – 2024. – № 6(144). – С. 1–4.
- 19 Коваленко А.Г. Гражданский процесс: Учебник / Под ред. д.ю.н., проф. А.Г. Коваленко, д.ю.н. проф. А.А. Мохова, д.ю.н., проф. П.М. Филиппова. – М.: Юридическая фирма «КОНТРАКТ»; «ИНФРА-М», 2008. – 448 с.
- 20 Өңірде ымдау тілі мамандары тапшы. URL: <https://kokshetv.kz/kz/news/27672> (өтініш берілген күн: 05.07.2026)
- 21 Абайдельдинова А.Т. Некоторые вопросы участия сурдопереводчика в гражданском процессе. URL: https://prg.kz/document/?doc_id=33293051&ysclid=mrkj9nen62948951246&pos=6;134 (дата обращения: 05.07.2026)
- 22 Астана қаласының азаматтық істер бойынша ауданаралық сотының 2024 жылғы 09 қазандағы №7142-24-00-2м/41226 ұйғарымы. URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml> (өтініш берілген күн: 01.07.2026)
- 23 Алматы қаласының Алмалы аудандық № 2 сотының 2024 жылғы 29 наурыздағы 7520-24-00-2/6040 ұйғарымы. URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml> (өтініш берілген күн: 01.07.2026)

24 Определение Талгарского районного суда Алматинской области (Общая юрисдикция) о подготовке гражданского дела к судебному разбирательству от 13 июня 2024 года 1962-24-00-2/1993. URL: <https://office.sud.kz/index.shtml> (дата обращения: 05.07.2026)

25 Len Roberson, Debra Russell, Risa Shaw. World association of sign language interpreters. Conference: World Association of Sign Language Interpreters (WASLI) At: Durban, South Africa. 2011. P. 65–99.

26 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берілген күн: 05.07.2026)

27 Максуров А.А. Доказательства в гражданском процессе: учебное пособие / А.А. Максуров. – М.: РУСАЙНС, 2024. – 90 с.

28 Golikova N.L. Sign language interpreter in the process of exercising the constitutional right to use one's native language or a language that a person speaks fluently in court proceedings // International Research Journal, 2024, no. 6(144). URL: <https://research-journal.org/en/archive/6-144-2024-june/10.60797/IRJ.2024.144.48>

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy (2026 jylǵy 15 nauryzda respublikalyq referendumda qabyldanǵan). URL: https://prg.kz/document/?doc_id=32817648 (ötiniş berilgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)

2 Qazaqstan Respublikasynda mügedektigı bar adamdardyñ qūyqqtaryn qamtamasyz etu jāne tūrmys sapasyn jaqsartu jönindegi 2025 jylǵa deiingi ūlttyq jospardy bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ūkimetiniñ 2019 jylǵy 28 mamyrdaǵy No. 326 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326> (ötiniş berilgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)

3 Mügedekterdiñ qūyqqtary turaly konvensiany ratifikasialau turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylǵy 20 aqpandaǵy No. 288-V QRZ Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000288> (ötiniş berilgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)

4 2024 jylǵy 23 säuirdegi No. DS-204 ym-jym tılı jāne daktil alfavitı turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Premier-Ministriniñ orynbasary E.B. Köşerbaevqa Deputattyq saual. URL: https://mazhilis.parlam.kz/media/deputy_request/documents/2025-04-25/DS-204_8_3_01Aq4OY.pdf (ötiniş berilgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)

5 Qazaqstan Respublikasy Premier-Ministriniñ 2025 jylǵy 21 mamyrdaǵy No.16-10/3120 dz Deputattyq saualǵa jauaby. URL: https://mazhilis.parlam.kz/media/deputy_request_answer/documents/2025-05-22/Otvet_DS-204_8_3.pdf (ötiniş berilgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)

6 British Sign Language Act 2022. URL: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2022/34> (accessed: 01.07.2026) (In English)

7 New Zealand Sign Language Act 2006. URL: <https://www.legislation.govt.nz/act/public/2006/18/en/latest/#DLM372754> (accessed: 01.07.2026) (In English)

8 Act on the Status of the Icelandic language and Icelandic Sign Language, June 7th 2011. No.61. URL: <https://www.deaf.is/english/status-of-icelandic-sign-language/> (accessed: 01.07.2026) (In English)

9 Act relating to Language 2022. URL: <https://lovdata.no/dokument/NLE/lov/2021-05-21-42> (accessed: 01.07.2026) (In English)

10 Constitution of the Republic of South Africa, 1996. Chapter 1: Founding Provisions. URL: <https://www.gov.za/documents/constitution/constitution-republic-south-africa-1996-chapter-1-founding-provisions-04-feb#5> (accessed: 01.07.2026) (In English)

11 Varinova O.A. (2014) Teoriya i praktika surdoperevoda: uchebno-metodicheskoe posobie / O.A. Varinova, E.S. Minaeva. Novosibirsk: Izd-vo NGTU. 36 p. (In Russian)

12 Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq prosetik kodeksi 2015 jylǵy 31 qazandaǵy No. 377-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z14> (ötiniş berilgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)

13 Kajsa S.T., Iskakova A.B. (2010) Nauchno-prakticheskij kommentarij k Obshhej chasti Grazhdanskogo processual'nogo kodeksa Respubliki Kazahstan. Almaty. 236 p. (In Russian)

14 Grazhdanskij processual'nyj kodeks Respubliki Belarus' ot 11 janvarja 1999 g. No. 238-Z. URL: <https://pravo.by/document/?guid=3871&p0=hk9900238> (data obrashhenija: 15.07.2026) (In Russian)

15 Grazhdanskij processual'nyj Kodeks Respubliki Uzbekistan ot 22 janvarja 2018 goda No. ZRU-460. URL: <https://lex.uz/docs/3517334> (data obrashhenija: 15.07.2026) (In Russian)

16 Grazhdanskij processual'nyj kodeks Kyrgyzskoj Respubliki ot 25 janvarja 2017 goda No. 14. URL: <https://cbd.minjust.gov.kg/3-29/edition/1261675/ru> (data obrashhenija: 15.07.2026) (In Russian)

17 Azərbaycan Respublikasının 28 dekabr 1999-cu il tarixli № 780-IQ nömrəli Mülki Prosessual Məcəlləsi. URL: <https://e-qanun.az/framework/46945> (data obrashhenija: 15.07.2026) (In Azerbaijani)

18 Golikova N.L. (2024) Surdoperevodchik v processe realizacii konstitucionnogo prava na ispol'zovanie v sudoproizvodstve rodnogo jazyka ili jazyka, kotorym lico svobodno vladeet // Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij zhurnal. No. 6 (144). P. 1–4. (In Russian)

19 Kovalenko A.G. (2008) Grazhdanskij process: Uchebnik / Pod red. d.ju.n., prof. A.G. Kovalenko, d.ju.n. prof. A.A. Mohova, d.ju.n., prof. P.M. Filippova. M.: Juridicheskaja firma «KONTRAKT»; «INFRA-M». 448 p. (In Russian)

- 20 Öñırde ymdau tılı mamandary tapşy. URL: <https://kokshetv.kz/kz/news/27672> (ötınış berılgen kün: 05.07.2026) (In Kazakh)
- 21 Abajdel'dinova A.T. Nekotorye voprosy uchastija surdoperevodchika v grazhdanskom processe. URL: https://prg.kz/document/?doc_id=33293051&ysclid=mrkj9nen62948951246&pos=6;134 (data obrashhenija: 05.07.2026) (In Russian)
- 22 Astana qalasynyñ azamattyq ister boıynşa audanaralyq sotynyñ 2024 jylğy 09 qazandağy No. 7142-24-00-2m/41226 üıǵarymy. URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml> (ötınış berılgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)
- 23 Almaty qalasynyñ Almaly audandyq No. 2 sotynyñ 2024 jylğy 29 nauryzdağy 7520-24-00-2/6040 üıǵarymy. URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml> (ötınış berılgen kün: 01.07.2026) (In Kazakh)
- 24 Opredelenie Talgarskogo rajonnogo suda Almatinskoj oblasti (Obshhaja jurisdikcija) o podgotovke grazhdanskogo dela k sudebnomu razbiratel'stvu ot 13 ijunya 2024 goda 1962-24-00-2/1993. URL: <https://office.sud.kz/index.xhtml> (data obrashhenija: 05.07.2026) (In Russian)
- 25 Len Roberson, Debra Russell, Risa Shaw (2011) World association of sign language interpreters. Conference: World Association of Sign Language Interpreters (WASLI)At: Durban, South Africa. P. 65–99. (In English)
- 26 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksı 2014 jylğy 3 şildedeğy No. 226-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (ötınış berılgen kün: 05.07.2026) (In Kazakh)
- 27 Maksurov A.A. (2024) Dokazatel'stva v grazhdanskom processe: uchebnoe posobie / A.A. Maksurov. M.: RUSAJNS. 90 p. (In Russian)
- 28 Golikova N.L. (2024). Sign language interpreter in the process of exercising the constitutional right to use one's native language or a language that a person speaks fluently in court proceedings // International Research Journal, No. 6(144). URL: <https://research-journal.org/en/archive/6-144-2024-june/10.60797/IRJ.2024.144.48> (In English)

АРГИНБЕКОВА Г.И.,¹

к.ю.н., ст. преподаватель.

e-mail: gulnar.arginbekova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6132-9761

АСЕТОВА Г.Б.,²

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: gulnur_asetova@mail.ru

ORCID ID: 0009-0000-0337-3660

АБЗАЛБЕКОВА М.Т.,²

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: Abzalbekoba@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-9929-4816

АСЫЛБЕКОВА А.А.,^{*3}

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: aig0071@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-8634-1109

¹Кызылординский университет

имени Коркыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

²Карагандинский национальный

исследовательский

университет им. Е.А. Букетова,

г. Караганда, Казахстан

³Академия правосудия

при Высшем судебном совете,

г. Астана, Казахстан

УЧАСТИЕ ЛИЦ С ПОТЕРЕЙ СЛУХА И РЕЧИ В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ ЧЕРЕЗ ЯЗЫК ЖЕСТОВ: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ

Аннотация

Работа посвящена исследованию проблем участия лиц с нарушениями слуха и речи в гражданском судопроизводстве посредством жестового языка. Рассматриваются особенности реализации их процессуальных

прав при рассмотрении гражданских дел, включая право давать объяснения, заявлять ходатайства, представлять доказательства и участвовать в судебных прениях. Особое внимание уделяется обеспечению равенства участников процесса и фактической доступности правосудия для лиц, испытывающих затруднения в устной коммуникации. Анализируются роль сурдопереводчика в обеспечении полноценного участия таких лиц в судебном разбирательстве, а также практические вопросы, связанные с использованием жестового перевода в суде. В рамках сравнительно-правового анализа рассматриваются подходы к обеспечению участия лиц с нарушениями слуха и речи в гражданском судопроизводстве в Казахстане, Узбекистане, Кыргызстане, Беларуси и Азербайджане. Сопоставление законодательства указанных государств позволяет выявить сходства и различия в регулировании использования жестового языка и сурдоперевода, а также в обеспечении процессуальных гарантий для лиц с нарушениями слуха и речи. Отдельно рассматривается проблема нехватки квалифицированных сурдопереводчиков, создающая дополнительные препятствия для реализации процессуальных прав и полноценного участия таких лиц в судебном процессе. Обосновывается необходимость совершенствования правовых и организационных механизмов использования жестового языка в гражданском судопроизводстве, повышения доступности квалифицированного сурдоперевода и расширения процессуальных гарантий указанных лиц.

Ключевые слова: гражданское судопроизводство, язык жестов, люди с ограниченными возможностями, сурдопереводчик, инвалидность, равенство, состязательность.

ARGINBEKOVA G.I.,¹

c.l.s., senior lecturer.

e-mail: gulnar.arginbekova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6132-9761

ASSETOVA G.B.,²

PhD, senior lecturer.

e-mail: gulnur_asetova@mail.ru

ORCID ID: 0009-0000-0337-3660

ABZALBEKOVA M.T.,²

PhD, senior lecturer.

e-mail: Abzalbekoba@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-9929-4816

ASSYLBEKOVA A.A.,^{*,3}

PhD, associate professor.

*e-mail: aig0071@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-8634-1109

¹Korkyt Ata University,

Kyzylorda, Kazakhstan

²Buketov University,

Karaganda, Kazakhstan

³Academy of Justice under the

High Judicial Council,

Astana, Kazakhstan

PARTICIPATION OF PERSONS WITH HEARING AND SPEECH LOSS IN CIVIL PROCEEDINGS THROUGH SIGN LANGUAGE: COMPARATIVE LEGAL ANALYSIS

Abstract

This article examines the participation of persons with hearing and speech impairments in civil proceedings through sign language. It addresses the exercise of their procedural rights, including the right to provide explanations, submit motions and evidence, and participate in judicial debates. Particular attention is paid to ensuring equality of participants in civil proceedings and effective access to justice for persons experiencing difficulties in oral communication. The role of sign language interpreters in enabling such persons to participate fully in court proceedings is analyzed, along with practical issues arising from the use of interpretation services. A comparative legal

analysis examines approaches to ensuring the participation of persons with hearing and speech impairments in civil proceedings in Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Belarus, and Azerbaijan. The comparison identifies similarities and differences in the regulation of sign language and interpretation services, as well as procedural safeguards available to these persons. The shortage of qualified sign language interpreters is identified as a practical obstacle to the effective exercise of procedural rights. The article substantiates the need to improve legal and organizational mechanisms for using sign language, expand access to qualified interpretation services, and strengthen procedural safeguards to ensure substantive equality before the law and the courts.

Keywords: civil proceedings, sign language, people with disabilities, sign language interpreter, disability, equality, adversarial proceedings.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.07.2026